

Матай Ж.М., Казыбаева С.Ж.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС КЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҮЗІМНІҢ ИНТРОДУКЦИЯЛАНҒАН СОРТТАРЫН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағы жағдайында зерттелген кейбір шет елден әкелінген жүзім сұрыптарының ғылыми-зерттеу нәтижелері көрсетілген.

Кілт сөздер: жүзім, ген қоры, сорттарды зерттеу, ампелографиялық коллекция.

Matai J.M., Kazybaeva S.J.

CULTIVAR GRAPE VARIETIES INTRODUCED IN SOUTHEAST AREA OF KAZAKHSTAN

Annotation

The article provides the results of the scientific study of some imported varieties of grapes in the conditions of south- eastern zone of Kazakhstan.

Keywords: grapes, gene pool , cultivar , ampelographic collection.

УДК 502.4

Мұстафаев Ғ.Т., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ІЛЕ-АЛАТАУ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНДЕГІ АҚСАЙ ФИЛИАЛЫНДАҒЫ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЖҰМЫСТАР

Аңдатпа

Мақалада Іле -Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Ақсай филиалындағы өртке қарсы жұмыстар қарастырылған. Парк аумағындағы Ақсай филиалындағы өрт аумағының белсенділігі және оның алдын алудағы жүргізілетін жұмыстары қамтылған.

Кілт сөздер: Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Ақсай филиалы, өртке қарсы жұмыстар.

Кіріспе

Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Іле Алатауының әсем ландшафтарын қорғау, өсімдік жамылғысы мен жануарлар әлемін сақтау, туризмді дамыту мақсатында ұйымдастырылған. 1996ж. Алматы облысы Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарының аумағында орналасқан Қаскелең, Пригород, Түрген орман шаруашылықтарының негізінде құрылған. Ауданы 202 мың га, ол Алматы қаласынан оңтүстікке қарай Іле Алатауының солтүстік беткейінде, батыста Шамалған өзені, шығыста Түрген өзенінің аралығындағы ұзындығы 120 км, ені 30–35 км аймақты алып жатыр. Түрген, Есік, Талғар, Қаскелең және басқа да елді мекендер аталған жолды бойлай орналасқан, ұлттық парктің аумағынан тыс жатыр. Іле-Алатау МҰТП ормандағы қорының жерлері «Ерекше қорғалатын ормандағы аймақтар – мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің ормандары» дәрежесіне жатады, ҚР ауылшаруашылық Министрлігінің ормандағы және аңшылық шаруашылығының бақылауында.

Іле Алатау МҰТП Ақсай филиалының аумағы табиғи физикалық-географиялық аудандастыруға сәйкес Тянь-Шань таулары елінің Солтүстік Тянь-Шань провинциясының Алматы облысының құрамына кіреді.

Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ормандарының негізгі орман түзуші түрі Шренка шыршасы (*Picea shrenkiana*) болып табылады. Шыршалы ормандардың белдеуі үш биіктікті-биоклиматтық жолақтарға бөлінеді: төменгісі шамамен 2000 м-ге дейін, ортаңғысы 2000-2500 м және жоғарғысы 2500 м-ден жоғары. Әрбір жолақ ерекшеліктер қатарымен ажыратылады: топтану құрылымы мен дамуы, жеке өзіндік түрлермен, орманды қалпына келтіретін ауысымдармен, шыршаны жаңарту сипатымен, тарихи және климаттық ерекшеліктермен және т.б.

Жалпы ормандағы өрттер тудыратын себептер әртүрлі болып табылады. Оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: табиғи немесе адам әрекетімен байланысты және антропогенді. Орман өрттері кезіндегі жану объектісі жану қарқындылығына, оттың қозғалу жылдамдығына, жылулық баланс сипаттамасына және оттегі диффузиясының жану кеңістігі мен атмосферамен өзара әрекеттесуіне айтарлықтай әсер көрсететін ерекше биологиялық құрылымға ие. Ормандағы өрттермен күрес орман қорларын қорғау мен оның ұдайы өндірілуіне байланысты айтарлықтай маңызды мәселелердің бірі болып табылады [1, 2].

Аймақты өртке қарсы қорғау жүйесін дамыту мен жетілдірудің негізгі стратегиялық мақсаттарына мыналар жатады:

- мемлекеттік орманды қорғау қызметін, ұлттық паркті қорғау бойынша қадағалаушы топтың, кәсіби кадрларды таңдау мен өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету қызметтерін күшейту;
- ормандардағы өртке қарсы құрылғыларды жетілдіру және оларды өрттерден қорғауды күшейту, Ормандағы және табиғатты қорғау заңдылықтарын сақтауды бақылау, Ормандағы өрттерді алдын алу;
- төтенше жағдайлар, өртке қарсы қызметтер, аудандар мен ауылдық округтер әкімшілігі бойынша мемлекеттік құрылымдармен қызметтердің үйлесімдігі.

Өрт қауіптілігі тұрғысынан анағұрлым қауіпті аймақтар жас ағашты және қылқан жапырақты ормандар болып табылады, олар 9,6 мың га ауданды қамтиды, қылқан жапырақты ормандардың жалпы ауданының 49 %-ын құрайды.

Іле Алатау МҰТП Ақсай филиалының жерлері өртке қауіпті аумақтарда орналасқан. Іле Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі өртке қауіпті ауданына кіреді. Табиғи парк орны ормандардың оқшауланған, құрамы және жағдайы бойынша әртүрлі өсу орындарымен көрінеді: қылқанды (шыршалы) ормандар 2800-ден 1300 м-ге дейінгі гипсометриялық арақатынаста таулы-орманды-шалғынды-далалы құздар мен бөктерлерді ала отырып тек ғана таулы бөлікте орналасқан, шыршалы аймақтардан басқа көктерек, қайың, алма және т.б ағаштардан тұратын жапырақты ормандар байқалады; ормандағы зонаның оңтүстік бөктерлері 1300-ден 800 м-ге дейінгі биіктікте бұталы және жабайы жемісті аймақтармен қамтылған; тал тоғайлары өзендер мен бұлақтар аймағында өседі; ұлттық парктің тау алды бөлігі жайлаулы жер-сулармен көрінеді.

Іле Алатау МҰТП аумағындағы ормандарының жанғыштығы бірнеше факторлардың әсерінен жүреді, олардың негізгілері мыналар: құрғақ ыстық жаз мезгілі; кепкен шөпті өсімдіктің оңай жануы; қылқанды түрлердің жас шыбықтары мен жас бұталарының болуы. Мұның барлығы ормандағы өрттердің туындауы мен таралуына септігін тигізеді. Орманды алқаптардың жерлерін олардың потенциалды табиғи өрттік қауіптілік дәрежесі бойынша бағалау кезінде ормандағы қор аймағының табиғи өрттік қауіптілік класстарына жатқызу шкаласы пайдаланылды.

Ормандағы қор аймағының түрлері шаруашылық қызметтерінің (аралық қолдану кезіндегі ағашты кесу әрекеттері, орманды игеру және т.б), табиғи апаттық әсерлердің (өрттер, желдер, қарлар және т.б) әсер етуі кезіндегі анықталған динамизммен сипатталады, шкаланың көмегімен табиғи өрттік қауіптілік бойынша бағалау да белгілі бір дәрежеде өзгереді [3].

Табиғи парктің солтүстік аумағы бойынша ауыл шаруашылық тұтынушылардың жерлеріне жалғасатын жайлаулы жерлердің аумағы жоғары өрттік қауіптілік ішінде 1 классқа жатқызылады. Ақсай филиалы бойынша табиғи өрттік қауіптіліктің орташа классы -2,80. Ауа-райы жағдайы бойынша ормандардағы өрттік қауіптілік фитомасса мен жалынның таралуы ықтимал кешенді метеорологиялық көрсеткіш бойынша анықталады. Осы көрсеткіштердің негізінде Алматы облысының таулы ормандарында Ормандағы өрттердің туындау ықтималдылығын және ауа-райына тәуелді өрттік қауіптіліктің дәрежесін сипаттайтын бес баллды шкала жасалынған (1-кесте).

Кесте 1 – МҰТП аумағының табиғи өрттік қауіптілік класстары бойынша таралуы

№	Филиал	Табиғи өрттік қауіптілік классы				Жалпы	Орташа класс
		1	2	3	4		
1	Ақсай	14323,5	8450,0	8727,0	25630,0	57130,5	2,80

Ормандардың жанғыштығы туралы 2010-2014 жылдардағы мәліметтер талдамасы жоғары жану көрсеткішіне ие аудандарды анықтауға, олардың туындауының негізгі себептерін орнатуға, ормандардың жануына шаруашылық және рекреациялық қызметтердің әсерін анықтауға мүмкіндік береді. МҰТП сәйкес қызметтерінің (барлау-қарауылдау және орманды өрттік) рөлі мен мәнін бағалау, жанудың кезеңділігін орнату, өрттік максимумдар, сондай-ақ келешектегі өртке қарсы іс-шаралар жүйесінің жеткілікті түрдегі объективті негізделуі мақсатында басқа да заңдылықтар мен факторлар осы талдамада көрсетілген.

Бір өрттің орташа ауданы 8,61 га, талдамалы кезеңнің жылдары бойынша 0,01-ден 1,0 га-ға дейін, ал басқа жылдары (2010, 2013) әдетте жанғыштық жоғары дәрежеде болған кезде 17,3-95,0 га-ға дейін ауытқиды. Орташа ауданның жыл бойынша айтарлықтай дәрежеде күрт ауытқуы тек климаттық жағдайларға (өрт саны) ғана емес, сонымен бірге жанған ормандағы қор ауданын жою бойынша шараларды қарқынды орындау нәтижесіне тәуелді болып табылады. Өрт саны және жанған ауданның көлемі бойынша анағұрлым ауыр жыл 2003 жыл болды. Бұл жылда 11 өрт жағдайы тіркелген (талданған кезеңде жалпы жану жағдайының 23,4%-ы) және 190 га-ды, немесе ұлттық парктің 1998-2007 жылдардағы ауданының 46,9%-ын құрайды (2-кесте). Бұл өрттердің барлығы төменгі өрттер дәрежесіне жатады. Төменгі өрттер, жоғарыда айтылғандай, жас ағаштар мен бұталарды жояды, ал құрғақ материал (құрғақ шөп, ескі шөптер) болған кезде ағаштарды өсуінің тежелуіне дейін зақымдауы мүмкін. Өрттің әсерінен жойылған жас бұталар мен топырақ жамылғысындағы тұқымдар орманның табиғи жолмен қайта қалпына келуін бірнеше жылдарға созады немесе мүлдем жояды. МҰТП аумағындағы ауданы бойынша үлкен болып келетін өрттердің пайда болуын, егер олар аз ауданды жерлерде анықталып, сөндірілсе жоюға болады. Осы мақсатта жану жағдайларының туындауын жылдам хабарлап, жұмысшы және техникалық құралдардың қысқа мерзімде келуін үнемі бақылап отыру қажет.

Кесте 2- Орман шаруашылығының бір бөлігіндегі өрттердің өртке қауіпті кезеңнің айлары бойынша саны

№№ п/п	Орман шаруашылығы	Жағдайлар саны %	Айлар бойынша							
			Сәуір. саны %	Мамыр саны %	Маусым., саны %	Шілде, саны %	Тамыз., саны %	Қыркүйек., саны %	Қазан. саны %	Қараша.саны %
Ақсай филиалы										
1	Ақсай	$\frac{6}{100}$	$\frac{1}{17}$	-	-	-	-	$\frac{1}{17}$	$\frac{4}{66}$	-
2	Қаскелен	$\frac{3}{100}$	$\frac{1}{33}$	-	-	-	-	$\frac{1}{34}$	$\frac{1}{33}$	-
3	Баума шағын орманы	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Филиал бойынша жалпы		$\frac{9}{100}$	$\frac{2}{22}$					$\frac{2}{22}$	$\frac{5}{56}$	

Филиалдың орман шаруашылығындағы өрттік қауіптіліктің жоғары дәрежедегі көздері демалушылар, туристтер, санырауқұлақ, жеміс-жидек және емдік өсімдіктерді терушілер болып табылады. Сонымен бірге, демалыс үйлері мен лагерлерде орналасқан тасымалдық желілердің болуы өрттік қауіптілікті арттырады. Бұл жылдардағы жану көрсеткішінің орташа көп жылдық максимумы қыркүйек-қазан айларына сәйкес келеді – 7 өрттік жағдай немесе жалпы есептелген көлемнің 27,4%-ы. Өрттер халықтың ормандарда көбірек болуы, ауа-райылық өрттік қауіптіліктің жоғары класстарына байланысты туындайды. Әдеттегідей, өрттер Ормандағы әсіресе бір ғана аумақта туындайды, оның себебі өрттік қауіпсіздік ережелерін дұрыс сақтамау болып табылады.

Негізінен жайылымды жерлерден тұратын және мемлекеттік орман қорының солтүстік бөлігінде орналасқан мемлекеттік орман қорының аумағы өрттік қауіптіліктің 1 класына жатқызылады. Бұл аумақтар ауыл шаруашылық тұтынушыларының шекаралық аймақтарынан өтуі ықтимал өрттерге анағұрлым ұшырауы мүмкін. Өрттік жағдайдағы ең қауіптісі қылқанды жас ағаштар. Ормандардың өрттік қауіптілігі өсімдіктердің ескіруіне, ағаштарды уақытында кеспегеннен, рекреациялық жүктемелерден және т.б. жоғарылайды. Ормандардың өрттік қауіптілік дәрежесі жоғары, 1-3 класстардағы табиғи парк аумағы 72,4%-ды құрайды.

Ормандардың ең көп жану көрсеткіштері қыркүйек-қазан айларына тура келеді (жалпы көлемнің 50%), жанудың ең жоғарғы шегі – қыркүйек айында. 1,0 млн. га (25 дана) жерге Ормандағы өрттердің саны бойынша тығыздығы орташадан төмен, ал өрт болған 1000 га (0,04 га) аумақта ауданы бойынша төмен ретінде саналады.

Орманды алқаптар 75,0 мың. га немесе жалпы парк ауданының 37,6%-ын құрайды. Орманмен жабылған алқаптар 62,3 мың. га-ды (орман алқабының 83%-ы) құрайды, оның 4,3 мың. га ормандағы дақылдар. Тұтас емес ормандағы дақылдар 1,05 мың. га-ға тең. Осы аумақ ішіндегі өртенген және өсімдіктердің өлген аймақтары 109 га ауданды алып жатыр, орман алқабының 0,14%-ы, ал орманмен жабылған аймақтың 0,18%-ы. Бұл көрсеткіштер салыстырмалы барлаушы-күзетшілік қызметтің, өрт сөндіру қызметтерінің тиімді жұмыстарын, сондай-ақ өрт қауіпті аймақтардың төменгі класстығын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Курбатский Н.П. и др. Заслоны в замен противопожарных разрывов //Лесное хозяйство, 1973, № 6
2. Мусин М.З. Методика создания оптимальных противопожарных заслонов // Вестник с-х науки Казахстана, Алма-Ата, 1983
3. Бегембетов А.А. Рекреационное использование лесов юго-востока Казахстана. Алматы, 2003

Мустафаев Г.Т., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

ОРГАНИЗАЦИЯ ПРОТИВОПОЖАРНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ В ИЛЕ – АЛАТАУСКОМ ГОСУДАРСТВЕННОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ПРИРОДНОМ ПАРКЕ

Аннотация

В статье рассматриваются организация противопожарных мероприятий в Иле – Алатауском государственном природном парке.

Ключевые слова: Иле-Алатауский государственный национальный природный парк, организация противопожарных мероприятий.

Mustafaev G.T., Kentbaev E.Zh., Baibatshanov M.K.

ORGANIZATION OF FIRE PREVENTION MEASURES IN THE ILE – ALATAY STATE NATIONAL NATURAL PARK

Annotation

The article discusses the environmental factors affecting the dynamics of the number of Badger in Sairam – ugemskom natsionalnom State Nature Park .

Keywords: Ile- Alatau State National Park , the organization of fire prevention measures.

УДК 633.2.03:632.7

Насиев Б.Н., Габдулов М.А.

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск

ИЗУЧЕНИЕ ВИДОВОГО СОСТАВА САРАНЧОВЫХ И МЕРЫ БОРЬБЫ В ПОЛУПУСТЫННОЙ ЗОНЕ

Аннотация

В различных природно-экономических зонах Казахстана обитают около 270 видов саранчовых насекомых. Наибольшую опасность сельскохозяйственным угодьям представляют 15-20 видов. Среди них по степени распространения и уровню вредоносности особо опасными видами являются азиатская (перелетная) саранча (*Locusta migratoria* L.) и итальянский прус (*Calliptamus italicus* L.). В статье приводятся результаты исследований о видовом составе саранчовых, установлена биологическая эффективность современных инсектицидов в условиях полупустынной зоны Западно-Казахстанской области.

Ключевые слова: кормовые угодья, саранчовые, азиатская саранча, итальянский прус, мониторинг, видовой состав, инсектициды, биологическая эффективность.